

Қадыр Мырза Әлінің
балаларға арналған
өлеңдері арқылы оқушыларды
отансүйгіштікке
тәрбиелеудің
теориялық негіздері



Зерттеу мақсаты:

Ұлтымыз үшін баға жетпес байлық болып есептелетін Қадыр Мырза Әлінің ақындық мұраларын ұрпақ тәрбиесіне ықпалының маңызын анықтап, жүйелеу, соның негізінде оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу.



***Бұл мақсатқа жету үшін
төмендегі міндеттерді
шешу қажет:***

- Қадыр Мырза Әлі- балапан жырдың бағбаны.
- Қадыр Мырза Әлі өлеңдерінің тәрбиелік мәні.
- Қадыр Мырза Әлінің балаларға арналған өлеңдерінің өзіндік ерекшелігі.
 - Қадыр Мырза Әлінің ақындық мұраларының мәні.



Мазмұны

Кіріспе.....	3
I. Қадыр Мырза Әлінің балаларға арналған өлеңдері арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің теориялық негіздері	
1.1 Патриоттық тәрбие мәселелерінің зерттелу жайы.....	7
1.2. Қадыр Мырза Әлінің өмірі мен шығармашылығының оқушыларды тәрбиелеуге ықпалы.....	12
1.3. Қадыр Мырза Әлі өлеңдерінің тәрбиелік мәні.....	20
II. Қадыр Мырза Әлі шығармашылығы арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің тиімді жолдары	
2.1. Қадыр Мырза Әлінің балаларға арналған өлеңдерінің өзіндік ерекшелігі.....	30
2.2. Қадыр Мырза Әлі өлеңдерінің бастауыш сынып қазақ (ана) тілі оқулықтарында берілу жайы	36
2.3. Қадыр Мырза Әлі мұраларын оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың жолдары	41
Қорытынды.....	49
Пайдаланылған әдебиеттер.....	53



I. Қадыр Мырза Әлінің балаларға арналған өлеңдері арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің теориялық негіздері

1.1 Патриоттық тәрбие мәселелерінің зерттелу жайы

Қазіргі Қазақстан Республикасының дамуында ең маңызды нәтиже оның барысында қалыптасқан жаңа адам яки бостандықты жеңіп алып, тәуелсіздігін қорғай білетін, бәсекеге қабілетті, өзінің күш-қуатын аямай барлық қиындықтарға төтеп беріп, болашақты құра білген барлық сын-сынақтардан өтіп, өзінің жеке басының мәдениетін қалыптастырып, еліміздің жетістігімен бірге қуанатын және күресетін адам. Бұл адамды жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның патриоты деп атай аламыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Біздің маңызды идеологиялық міндетіміз – Қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі білуін қалыптастыру», - деп, қоғамымыздағы отансүйгіштік тәрбие беру проблемасына ерекше тоқталған болатын [3, 24].

Демек, отансүйгіштік тәрбие саяси сенімділік, атамекенге сүйіспеншілік, ел тағдырының болашағы үшін жауапкершілік, саяси- моральдық және туған жерді қорғауға әзір болуымен сипатталады.

Білім және тәрбие беру тарихының түрлі кезеңдерінде оқушыларға отансүйгіштік тәрбие беру мәселесі өз деңгейінде зерттелген болатын. Патриотизм – өте ерте кезден келе жатқан ұғым. Энциклопедиялық сөздікте «Патриотизм (грек. patriotes – отандас, patris – Отан, туған жер) – Отанға деген сүйіспеншілік, өз бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан сенімі мен мүддесіне жұмсау», - деп анықтама берілген [4, 169].

Белгілі тарихшы Л.Н. Гумилев өзінің «Көне түріктер» атты еңбегінде: «VI ғасырдың аяқ кезінде түркі тайпаларының аса жаужүрек болуын, шығысында қалың Қытайдан, батысында Византиядан, түстігінде Персия мен Үндістаннан, солтүстігінде Русь мемлекетінен үнемі қорғанудың қажеттілігінен», - деп түсіндіреді [5, 123].



Халық педагогикасында «Отанды сүю отбасынан басталады» деп ұққан ата-бабаларымыз отансүйгіштік қасиетті ата-анасының, бауырларының, ауыл-аймақтың, елінің намысын қорғауды өз ұрпақтарына бірінші парыз ретінде ұқтырып өсірді.

«Еліңді сүйсең ерлік істейсің», «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі», «Туған жерге ту тігу елім деген азаматтың борышы» дегенді өздерінің ұл-қыздарының санасына үнемі сіңіріп отырады. «Ер намысы – ел намысы», «Ер – намыстың құлы», «Арың үшін алысу – азаматтық», «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» деген елжандылық ұрандар халқымыздың мәңгілік тәрбие қағидасына айналды. Ерлік дегеніміз ұлттық тәрбие тағылымының, салт-дәстүрдің, тұрмыс-тіршіліктің негізгі тұтқасы болып саналады. Бала дүниеге келе салысымен ерлік рухта тәрбиелеу, еңбекке, елін, жерін, ана тілін сүюге баулу бесік жырынан бастап бүкіл ауыз әдебиетінің өнегелі өсиеті болып өзекті орын алады. Еңбек пен ерлікті, ел мен жерді пір тұтқан бабаларымыз ғасырлар бойы ерліктің ерен үлгісін көрсетті.

«Ер – елдің ық жағынан панасы, қорғаны» деп бағалаған ата-бабамыз «ерлікті тәрбиеден туады» деп ұққан. «Батыр», «ер» деген ұғымдар үнемі қатар қолданылып келген. Олай болса, елімізде отансүйгіштік тәрбие салт-дәстүрлерімізде және ауыз әдебиетінде ерекше орын алған. Қазақ елінің тарихында сақ патриотизмі, түркі патриотизмі, қазақ патриотизмі ерте кезден бері қалыптасты. Қазақ патриотизмі туралы зерттеуші А.Қ.Дүйсенбаев: «Қазақ патриотизмі – рухы биік жеке тұлғаны қалыптастырудағы ата-бабаларымыздың қаһармандық, батырлық, ерлік, отансүйгіштік тәлім-тәрбие беру идеалдарының жиынтығы», - деп түсінік береді [6, 27].



Ал философ ғалымдардың зерттеулерінде ерлік, батырлық, отансүйгіштік тәрбие мәселелеріне ғылыми тұрғыдан түрліше сипаттамалар беріледі. Зерттеуші ғалым Қ.Н.Меңлібаевтың пікірінше: «Әрбір ұлттың тәуелсіздікке қол жеткізуіне мүмкіндік беретін жоғары сезімі болған, мұндай сезім қазақ ұлтының ұлт боп ұюына негіз болды», - деп түсіндіреді [7, 29].

Демек, ел ішіндегі отансүйгіштік сананың ұлттық сипатта болатындығына түсінік береді.

Мұндай пікірді белгілі философ Ғ.Есім де төмендегіше түсіндіреді: «Исатай, Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліс азаматтық елдік үшін қантөгістердің бәрі де тегін, еш кетпеді. Олар қазақтың түптің түбінде жаңғырып, түлеп түсер заманына қосылған үлкен жетістік еді», - деп әділ бағасын айтқан [8, 47]. Отансүйгіштік тәрбие беруде ұлттың ұлы тұлғаларының ерекше орын алатындығын айтқанымыз жөн. Яғни: «Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу – қазақтың дәстүрлі таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс. Қазақтың қария сөздерінде, яғни шежірелік зердесінде тарих ұдайы жеке тұлғалардың өмірі зердесі арқылы танылып отырады. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени, рухани ахуалы ұдайы жеке тұлғалар болмысы арқылы көрініс табады, содан болу керек қазақтың дәстүрлі философиялық пайымдауында өмірді өзгертуден бұрын, алдымен адам санасын шыңдауға көбірек мән беріледі», - деген дәлелді пікірлердің маңызы зор [9, 3]. Мұндай пікірді қырғыз елінің философы Г.Б.Құдабаева өз зерттеуінде: «Манас батырдың ерлігі батырлығы, қарапайымдылығы, т.б. қасиеттері тәрбиелік қызметтерімен айқындалады.

Оны жеке тұлғаны отансүйгіштікке тәрбиелеудегі компоненттерін құрайды», - деп тәлім-тәрбиелік маңызын жоғары бағалайды [10, 4]. Белгілі философ ғалым, қоғам қайраткері А.Айталы: «Ұлтжандылық деген енбекқор, іскерлік, ізденгіш сияқты ұлттық мұралар жолындағы абзал ой, парасат. Ұлтжандылық адамзаттық мұраттармен шендесіп жатыр. Кейбір ғалымдар оны адамға туа біткен биологиялық, тұқым қуалайтын ырықсыз сезімнен іздейді», - деп өзінің оралымды ой-пікірін білдіреді. Дегенмен «ұлтжандылық» негізінен «ұлттық патриотизммен» байланысты қарастырылады. Ғалымның пікірі бойынша ұлттық мүдделерді сақтау және ұлттық жетістіктер мен мұраттар жолындағы абзал ой немесе соның көрінісі ретінде түсінуімізге болады. Яғни қазақ ұлтының мақсаты мен мұраттарына бағытталады деген ой-пікірлерге арналады.



Сондықтан профессор А.Айталының «ұлтжандылық» деп келтіруіндегі философиялық, әлеуметтанушылық идеяларының мазмұны тереңде екенін түсінуімізге болады. Әйткенмен қазақ тілі терминдерінің салалық түсіндірме сөздігінде: «Ұлтжандылық – өз ұлтының тілін, дінін, дәстүрін сүюдің белгісі. Ұлтжандылық өз ұлтының мәдениетін, әдебиетін, дәстүрін қадірлейтін, ұлттық намысты қорғай білетін адамның қасиеті», - делінген. Мұнда біздің түсінігіміздің өзі ұлттық мүдделерді қорғай білетін адамның қасиеті деп беріледі. Яғни ұлтжандылық бауырмал, ұлт болашағына қамқоршы және сүйіспеншілікпен қарайтын әрбір жеке тұлғада болатын қасиет деп түсінеміз. Сонымен, адам бойында ұлтжандылық қасиет болатындығы, оның біртіндеп қалыптасып, дамитынына көзіміз жетеді. Демек «ұлтжандылық» ұғымының қолданыс аясын кеңейту қажеттілігінің күн санап артып отырғандығын түсінуімізге болады [11, 77]. Демек аңызда болсын, тарихта болсын батырлардың ерлігі әрқашан да тәрбиелік мәнімен құнды болатыны хақ. Бұл жөнінде профессор Е.С.Нұрмұратов: «Қазіргі халқымыздың бойынан табылатын жақсы моральдық отансүйгіштік қасиеттердің түп негізі ғасырлар қойнауында қалыптасқан құндылықтар әлемінде. Олар әр түрлі эпостарда, фольклорда, мифтерде, айтыс өнерінде сақталып келеді. Мәселен, қазақтың қонақжайлығы, кеңпейілдігі, кішіпейілдігі, елін, Отанын сүйетіндігі, атамекенге деген құрметі өзге елдерден ерекше болып табылады. Тек сол рухани жетістіктерімізді, құндылықтарымызды қадірлей білсек қана жаңа қалыптасып келе жатқан мемлекетіміздің шаңырағын шайқалтпаймыз», - деп келтіреді [12, 36].



1.2. Қадыр Мырза Әлінің өмірі мен шығармашылығының оқушыларды тәрбиелеуге ықпалы

Ақын, аудармашы, сыншы, драматург, публицист, республикалық, халықаралық сыйлықтардың иегері, халық жазушысы Қ.Мырза Әлі ең алғаш балалар ақыны деп танылды.

Ақын 1935 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жымпиты ауданында дүниеге келген.

1952 жылы орта мектепті, 1958 жылы ҚазМҰУ-ді бітірген. «Балдырған», «Жұлдыз» журналдарында, Қазақстан жазушылары одағында жұмыс жасаған. 1978 жылдан бері еркін творчестволық жұмыспен шұғылданады. Қ.Мырза Әлі қазақша, орысша, монғол, өзбек, әзірбайжан, қырғыз тілдерінде жарық көрген елуден астам өлең жинақтарының авторы. Балаларға арналған «Көктем» (1959), «Жаңғалақтар» (1960), «Кішкентай Қожанасырлар» (1961), «Ноян қоян» (1962), «Алуан - палуан» (1963), «Сабақ» (1964), «Шымыр жаңғақ» (1984) және «Күміс қоңырау» (1970, 1985) кітаптары бар.

Бүгінде ол балалардың да, үлкендердің де сүйікті ақыны. Балаларға шығарма жазарда олардың ой - өрісі деңгейін, жас ерекшеліктерін ескеру керек. Мысалы, «еңбекті сүй, сонда ғана адам боласың» деген сөзді үйде ата – анасы, мектепте мұғалімдері шәкіртке күнде айтады. Ал, осыны ақылы әлі толыспаған аңғал балаға қызықты етіп айтуға тапқырлық керек. Іс, жұмыс, еңбек сияқты атауларды аузына алмай – ақ өлең тілімен үйіреді. «Кімге не артық?» деген өлеңінде:



**Тәкәппарға көз артық –
Көріп тұрып көрмейді.
Жарымеске сөз артық –
Жөн сөйлеуді білмейді.
Не істесе де оңдырмас –
Артық қолы олақтың.
Тілазарға тыңдамас –
Қажеті жоқ құлақтың.
Ғұмырында, әр уақытта,
Түк істемесе құмартып,
Жалқауларға
Құлақ та,
Көз де,
Қол да –
Бәрі артық**



Поэзиямыздың тұла бойы тұтастай метафораға толы түрі – **жұмбақ**, жұмбақ шығару – сөзбен әдемі сурет салу. Олар балалардың зейінін, ықыласын арттырады. Жұмбақты ойдың гимнастикасы деп атайды. Бұл салада Қадыр анық ақындық өнер танытқан:

- * «Жылға дер ем, ақпайды, жылан деп ем, шақпайды» (арқан)
- * «Қанатсыз құс маңып барады, Көзінен жас тамып барады.» (бұлт)
- * «Көл бетінде керуен жол» (Құс жолы)
- * «От қойсаң – жалын шығар, бос қойсаң – жаның шығар» (газ).

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс та айқын тілін жаттықтыратын жанр – жаңылтпаштар. Жаңылтпаш көбіне бастауыш мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтап шығарылған. Себебі жаңылтпаш қиын дыбыстарды айтуға, қиын сөздерді дұрыс сөйлеуге үйретеді. Баланы көркем сөйлеуге әуестендіреді. Баланың тіліне, оның сөзіне күле отырып, оларды дұрыс бағытта сөйлеуге баулиды. Академик М.Ғабдуллин: „Жаңылтпаш – жиналған жұртты күлдіру, тіл ұстартумен қатар, өлең, ән білмейтін жастарға берілетін жаза ретінде қолданылған,“ - деді. Қадыр ақын да балалар әдебиетінің осы жанрына ерекше тоқталған, біз оны ақынның еңбектерінен көптеп кездестіреміз,мысалы:

- * Балаңа қанша алша алса болады?
Дорбаңа қанша алша салса толады?

Қазанда шұжық жүр,
Үш шұжық жүзіп жүр.
Шұжықшыл Жүсіп жүр,
Шұжықты сүзіп жүр.
Шөжем деп шешесі бәйек,
Шешем деп шешесі бәйек.
Шешесі шөжем жесін дейді,
Шөжесі шешем жесін дейді.



Гүлкендерге көкпарсың!
Сотқар болсаң, сотқар бол,
Бір таяқ жеп тоқтарсың!

Ерке

Сарнап тұрып ертесін,
Сұрайтын қант, бөлкесін,
Сен бір жаман еркесің!
Әкеңнің де желкесін,
Көкеңнің де желкесін,
Жауыр қылған ерекесің!

Бұлардан басқа Қадыр ақынның Маубас, Жайбасар, Мақтаншақ, Қомағай,
Күйгелек, Салақ
секілді тілазар балаларды жамандықтан жирендіретін мазақтамалары да
бар.

Диктант

Кеше біздер класта,
Диктант жаздық отырып.
Көшірдім мен Күләштан
Бір парақты толтырып.
Үзілісте мен іште
Асыр салып ойнадым.



Сабақтың тақырыбы: «Күз». Қ.Мырза Әлі.

Сабақтың мақсаттары:

1) **Білімділігі:** Қ.Мырза Әлінің «Күз» өлеңімен таныстыру;

2) **Дамытушылық:** Шығармашылық қабілетін дамыту, сөздік қорын молайтып, күз туралы білімдерін арттыру;

3) **Тәрбиелік:** Күзгі табиғатқа мейірімділікпен қарауға тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: Плакатқа салынған күзгі табиғат, күзгі көріністер бейнеленген сурет, ребус,

Қадыр Мырза Әлінің портреті, шығармалары.

Сабақтың әдісі: Топтастыру, жұмбақ шешу, Венн көрсетуі, эссе, мақал-мәтел, сұрақ-жауап, түсіндіру.

Пәнаралық байланыс: Дүниетану, бейнелеу өнері.

Сабақтың барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

- Қазір қай сабақ? - Ана тілі.

- Бүгінгі күн ерекше болып отыр. Себебі бізге қонақтар келіп, сабағымызға қатысқалы отыр. Сабақты
- көңілді, қызықты еткізуге тырысайық.

2. Үй тапсырмасын тексеру:

2-3 оқушыдан мазмұнын сұраймын.

3. Жаңа сабақ:

- Қазір мен сіздерге жұмбақ жасырамын.

1. Үлкен алтын табақтан,
Әлемге нұр таратқан. (Күн)

2. Алып кілем –
Гүлге толы
Үсті кілең. (Жер)



3. Көшіп жүріп желменен
Сеуіп шықты тамшысын
Қыраттарға шөлдеген. (Бұлт)

4. Аспаннан домалап
Көк моншақ төгілді
Бусанып жат алап
Терледі, керілді. (Жаңбыр)

5. Жасыл болып жыпырлап өнеді
Сары болып үзіліп. (Жапырақ)

6. Жап-жасыл болып тұрады
Күзде жапырақтарынан айырылады. (Ағаш)

Бұл қай мезгіл? Не себепті күз дейміз? Оқушылардың өздері сурет салады.

- Суретте не бейнеленіп тұр?

- Күз мезгілі.

- Бүгінгі өтетін сабағымыз Қадыр Мырза Әлінің «Күз» өлеңімен танысамыз.

Қадыр Мырза Әлі 1935 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жымпиты ауданында дүниеге келген.

Қазақтың белгілі ақыны.

Оқулықпен жұмыс:

Мұғалім «Күз» өлеңін мәнерлеп оқиды.

Салқын сыз, дымқыл тұман соңына ерген.

Жылауық бұлттары бар қанат керген.

Күз келді мезгілінде арқаланып,

Күн бар ма байлығын ол тегін берген?!

Біз оны күтіп жүр ек әуел баста-ақ,

Кеттік те қызу істі дереу бастап,

Астық, жеміс, мақтасын бар байлығын,

Алып қалдық еңбекке айырбастап.

Өлеңнің мазмұнымен таныстыру



- Ал, балалар, күзгі табиғатты мейірімділікпен қарап, есік алдымызды қоқыстан тазарту керек. Оқушылар өлең-шумақты мәнерлеп оқиды. Өлең қанша шумақтан тұрады?

Сұрақ-жауап:

Күз кезінде адамдар қандай жұмыс атқарады?

Жеміс-жидек, көкөніс жинау, жем-шөп дайындау не үшін қажет?

Мұғалім таныстырады.

"Күз байлықтары" бұрыш жасап, ондағы көрнекіліктермен таныстыру.

- Ал енді, балалар серігіп алайық «Топтастыру стратегиясы». Екі топқа беріледі, әркім өз ойларын жазады.

Күзгі еңбектер. Күзгі байлықтар.

Суретпен жұмыс. Күз тақырыбына жазылған қандай өлеңдер білесіңдер? Абайдың «Күз» өлеңін жатқа сұрау.

Венн көрсетуі. Күзгі ауа райы - Мезгіл табиғат - Жазғы ауа райы.

Дәптермен жұмыс. Эссе. «Күз» шағын ғана 3-4 сөйлем жазып беріңіздерші.

Күз келді. Күн суыта бастады. Жапырақтар сарғая бастады. Құстар жылы жаққа ұшып кетті.

Үйге тапсырма. «Күз» өлеңін жаттау.

Бағалау.



Қорытынды:

Қадыр Мырза Әлі поэзиясы – тұтас бітімді, тұлғалы поэзия. «Ой орманы», «Дала дидары», «Бұлбұл бағы», «Қос домбыра» жеке – жеке жинақ болғанымен қозғайтын көкейкесті мәселесі үлкен Өмір – Дала тынысы»- деп ақын шығармасын жоғары бағалады Х. Әдібаев.

Ақын поэзиясының тақырыптық өріс – аясы кең. Шетсіз, шексіз даламыз бен сол далада қайғылы-қасіретті ғұмыр шеккен бабамыз, қатпар-қатпар тарихтың ой-шұрықы, жастың жарқын көңілі мен дананың кермек ойы, шежіре –тарих пен замандастың сырға толы қилы күндері, жас жүректі өртеген махаббат шоғы мен көреген көзді кәрінің ауыр тынысы- Қадыр Мырза Әли жырының жанды өзегі, тербеліс қилы. Арайлап атқан таң да, мұнараға батқан күн де – ақын поэзиясының тыныстаған ауасы, тыныс тіршілігі.

Қазіргі қазақ әдебиеті бұлақтары мен өзендері жан – жақтан жамырап құйып жатқан, шалқар айдыны шалқып алыстан жарқырай көрінген, ұшы – қиыры жоқ ұлы теңіз іспеттес. Ал бүгінгі есімі елге әйгілі Қ.Мырза Әлидің поэзиясы – сол теңізге сарқылмай келіп, сарқырай қосылған мол сулы да, нулы арналардың бірі. Ол арнаның тұңғиығына бойлап, тұнығынан жүзіп ішкендердің қай – қайсысы да одан жанына таусылмас нәр, тәтті кәусар алып, мейірлене бір шөлін қандырары анық. Қадыр Мырза Әлі өз буын, өз өмірінің ғұмырнамасын жырлаушы ғана емес, сол арқылы тұтастай ұлттың атынан сөз айта алатын атақ – дәрежеге көтерілген ірі тұлға. Оның өлеңдерінсіз толыққанды ұлттық қазақ поэзиясын көз алдымызға келтіру қиын. Ол – аксиома. Ақынның бүкіл шығармашылық ғұмыры тұтас бір ұлттың тарихы, сол ұлт өмір сүрген қоғам, заман, уақыттың барометрі. Ол – уақыт пен кеңістікті үндестірген ақын.



